

«К.И.СОТБАЕВ АТЫНДАГЫ  
ҚАЗАҚ УЛТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТЕУ  
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
«КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ К.И.САТПАЕВА»

«Бекітемін»

Қ.И.Сатпаев атындағы  
ҚазҰТЗУ-нін Басқарма

мүшесі. Еңым және  
корпоративтік даму  
жөніндегі проректоры

Колдеев Е.И.

«20» 08 2025 ж.



### Энергетика және машина жасау институтының

Машина жасау кафедрасы  
ғылыми семинарының кеңсейтілген отырысы  
№1 ХАЙТАМАДАН ҮЗІНДІ

Алматы қ.

«20» тамыз 2025 ж.

**Торага** – Нұғман Е.З – PhD, қауым.проф. «Машина жасау» кафедрасының менгерушісі.

**Хатшы:** Нуртаева Ш.Б – «Машина жасау» кафедрасының инженері.

**ҚАТЫСҚАНДАР:** Елемесов К.К. – ЭжМИ директоры, Нұғман Е.З – PhD, қауым.проф.; Қалиев Б.З. - қауым.проф, «ТМЖЖ» кафедра менгерушісі; Керимжанова М.Ф – т.ғ.к. профессор; Удербаева А.Е. – PhD, қауым.проф.; Мустафа А.Қ – PhD, қауым.проф.; Базарбай Б.Б – PhD докторы; Смаилова Г.А – т.ғ.к., қауым.проф.; Курмангалиева Л.А – т.ғ.к.. қауым.проф.; Абілқайыр Ж.Н. – PhD, қауым.проф.; Бекбосынова Б.А – PhD докторы; Шумакова Р.Т. – оқытушы; Бортебаев С.А. – т.ғ.к., қауым.проф.; Бажаев Н.А – PhD, қауым.проф.; Әбілзезова Г.С. – PhD., «Машина жасау» кафедрасының оқытушысы.

#### КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

«Машина жасау» кафедрасының философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденууші Калмаганбетов Санжар Арманулы «8D07113 – Аддитивті өндіріс» білім беру бағдарламасы бойынша PhD дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Электромобильге арналған механикалық беріліс корабы бөлшектерінің геометриялық дәлдігі мен сенімділігін онтайландыру.» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын талқылау.

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ КЕАҚ диссертациялық кеңесі туралы ережеге сәйкес, диссертациялық жұмыстарды коргауга кабылданғанға дейін кафедраның кеңсейтілген отырысында алдын ала талқылау жүргізіледі.

Талқылау нәтижесі оң баға алған жағдайда, диссертациялық жұмыстың бейіні бойынша мамандар катарынан рецензенттер тағайындалады және университет сайтына хабарландыру беріледі.

#### Ғылыми жетекшілері:

**Отаңдық ғылыми кеңесіні:** т.ғ.к., қауым.профессор Смаилова Гульбарышын Абылқасымовна

**Шетелдік ғылыми кеңесіні:** т.ғ.д., профессор Санджин Троха (Хорватия)

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Калмаганбетов Санжар Арманулы 2021-2024 жылдары Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ доктарантурасында 8D07113 - «Аддитивті өндіріс» білім беру бағдарламасы

бойынша білім алған.

Калмаганбетов Санжар Арманулы диссертациялық жұмысы бойынша сараптама жүргізу үшін тиісті салада білікті рецензенттер тағайындалды. Курмангалиева Л.А – «Роботтар техникасы және автоматиканың техникалық кұралдары» кафедрасының т.ғ.к., қауым.профессоры және «Машина жасау» кафедрасының т.ғ.к., профессор Керимжанова М.Ф. ғылыми кеңесшілердің он пікірлерін берген.

Жұмыс авторы Калмаганбетов Санжар Арманулы докторантурада оқып жүрген кезінде Scopus деректер базасында индекстелетін ғылыми басылымдарда жарияланған 2 ғылыми мақала, ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда 1 ғылыми мақала жариялаған.

**Төраға:** Калмаганбетов Санжар Арманулы! Сізге диссертациялық жұмысыныңды корғау сөз берілген және регламент 15 минуттың құрайды.

**Тыңдалды:** Калмаганбетов Санжар Арманулы, ол өз сөзінде диссертациялық жұмысының өзектілігін, жұмыстың максаты мен негізгі міндеттерін, ғылыми ережелер мен олардың жаңапылдығын, диссертациялық жұмыстың қысқаша мазмұны мен нәтижесін баянданды, Баяндама презентация түрінде ұсынылды.

Докторантка келесі сұрақтар койылды:

**Мустафа А.Қ – PhD, қауым.проф**

**Сұрақ:**

Решеткалық толтыруды қалай бердіңіз — ол принтердің баптауларында болды ма, алде өзініз орнаттыңыз ба?

**Жауап:**

Решеткалық толтыру принтердің баптауларында емес, CAD-модельдеу кезеңінде берілді. Алдымен тісті доңгалактың ішкі құрылымы ариайы решеткалық геометриямен (ромб тәрізді, куб тәрізді және т.б.) жобаланды. Кейін бұл модель STL форматында сакталып, слайсерге жүктелді. Принтер тек дайын модельді басып шығарды, ал торлық толтыру параметрлері алдын ала қолмен орнатылды.

**Бортебаев С.А. – т.ғ.к., қауымдас. профессор:**

**Сұрақ:**

Қандай сенімділік параметрлері зерттелді?

**Жауап:**

Зерттеу барысында тісті доңгалактың сенімділік параметрлері кешенді түрде карастырылды. Атан айтқанда, тозуга төзімділік – тістің жұмыс бетінің ұзақ уақыт бойы бұзылмауын қамтамасыз етеді, ал шаршау беріктігі – қайталама жүктемелер әсерінен пайда болатын жарықшыларға карсы тұру қабілеттің сипаттайтын. Сонымен қатар, контакт кернеулеріне төзімділік – тістердің жанасу аймағындағы кернеулерге шыдамдылығын анықтайтын, ал деформацияға тұрактылық – тісті доңгалактың геометриялық дәлдігін жүктеме астында сактау қабілеттімен бағаланады.

**Төраға:**

Рақмет, тагы да сұрақтар болса койыңыздар.

**Қалиев Б.З. - қауым.профессор:**

**Сұрақ:**

Қандай эксперименттер жүргізілді?

**Жауап:**

Зерттеу барысында тісті доңгалактың сенімділік параметрлері кешенді түрде карастырылды. Атан айтқанда, тозуга төзімділік – тістің жұмыс бетінің ұзақ уақыт бойы бұзылмауын қамтамасыз етеді, ал шаршау беріктігі – қайталама жүктемелер әсерінен пайда болатын жарықшыларға карсы тұру қабілеттің сипаттайтын. Сонымен қатар, контакт кернеулеріне төзімділік – тістердің жанасу аймағындағы кернеулерге шыдамдылығын анықтайтын, ал деформацияға тұрактылық – тісті доңгалактың геометриялық дәлдігін жүктеме астында сактау қабілеттімен бағаланады.

**Төраға:**

Ракмет, тағы да сұрактар болса қойыңыздар.

**Нұғман Е.З – PhD, қауым.профессор:**

**Сұрап:** Сіз 6 түрлі решеткалық толтыру түрін көрсөттіңіз. Солардың ішінен оптималдысын қалай таңдалыңыз?

**Жауап:**

Әрбір решеткалық құрылым үшін тісті доңғалақтың кернеу мен деформация жағдайы сандық модельдеу арқылы зерттелді. Finite Element Analysis (FEA) әдісімен салыстырмалы талдау жүргізіліп, әр құрылымның механикалық беріктігі, массасы және кернеудің біркелкі тарауы бағаланды. Нәтижесінде ен жоғары каттылық пен томен салмақ көрсеткен топ түрі — ромбық онжакты құрылымы — оптималды деп таңдалды.

**Төраға:**

Ракмет, тағы да сұрактар болса қойыңыздар.

**Удербаева А.Е. – PhD, қауым.профессор:**

**Сұрап:** Тісті доңғалаққа термиялық өндіреу жүргізілді ме?

**Жауап:**

Іә, термиялық өндіреу қарастырылды. SLM әдісімен жасалған тісті доңғалақтарда ішкі кернеулер мен микроструктуралық ақаулар пайда болуы мүмкін, сондықтан корытканнан кейін күйдіру процесі жүргізілді. Бұл өндіреу калдық кернеулерді азайтып, материалдың құрылымын тұрктаандыруға және шаршау беріктігін арттыруға көмектесті. Сонымен катар, беткі қаттылықты жақсарту үшін томен температураны жасанды қартаю әдісі де қолданылды.

**Төраға:** ракмет сұрап кою аяқталды. Енді ғылыми кеңесшіге сөз берсек:

**Т.ғ.к., қауым.профессор Смайлова Гульбарышын Абылқасымовна:**

Калмаганбетов Санжар Арманұлының «Электромобилюге арналған механикалық беріліс корабы болаптерінің геометриялық дәлдігі мен сенімділігін онтайландыру.» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы казіргі машина жасау саласындағы өзекті ғылыми-техникалық мәселелердің біріне арналған. Электр жетекті көлік құралдары үшін трансмиссия элементтерін жөнделдегу, сенімділігі мен геометриялық дәлдігін арттыру казіргі таңда ерекше маңызға ие. Автор бұл мәселені шешу үшін заманауи аддитивті технологиялардың (оның ішінде селективті лазерлік балқыту – SLM әдісінің) әлеуетін зерттең, ғылыми негізделген онтайландыру әдістемесін әзірлеген.

Зерттеу барысында Санжар Арманұлы тісті доңғалақтардың геометриясын дәл жобалау, ішкі құрылымын қаңқалы етіп онтайландыру, сондай-ақ, өндірістік процестерге геометриялық ауытқуларды ескере отырып SLM технологиясына бейімдеу секілді кешенді міндеттерді шешікен. Автор сонғы элементтер әдісімен сандық модельдеуді сәтті қолданып, конструкцияның кернеу-деформациялық күйін бағалап, геометриялық дәлдігі  $\pm 40$  мкм шегінде болатын, массасы 25–30% жөніл, бірақ механикалық тұрғыдан сенімді тісті доңғалақ жасаудың мүмкін екенин дәлелдеді. Сонымен катар, алғынған нәтижелер электромобиЛЬ трансмиссиясына қойылатын таланттарға толық сай келеді және өндірістік тұрғыда қолдануға болады.

Докторант диссертациялық жұмыстың толықтай өз бетінше орындалған, ғылыми іздепістегі жоғары деңгейін, инженерлік ойлау қабілетін және казіргі заманғы зерттеу әдістерін менгергенін көрсетті. Жұмыстың құрылымы жүйелі, мазмұны терең және ғылыми жаңағы мен практикалық маңызы бар. Осыған байланысты, Калмаганбетов Санжар Арманұлының ғылыми жұмысы PhD докторы ғылыми дәрежесін иеленуге толықтай лайық ден есептеймін және қорғауға ұсынуға болады.

**Рецензенттердің сөз сойлеуі:**

**Курманғалиева Л.А – «Роботтар техникасы және автоматиканың техникалық құралдары» кафедрасының т.ғ.к., қауым.профессоры:**

Калмаганбетов Санжар Арманұлының диссертациялық жұмысы казіргі машина жасау мен электромобиЛЬ өндірісіндегі өзекті мәселелердің біріне – тісті доңғалақтарды

женіл, дәл және сенімді етіп жобалау мен өндіру жолдарына арналған. Бұл жұмыс аддитивті өндіріс технологияларының, әсіресе селективті лазерлік балқыту (SLM) әдісінің трансмиссия бөлшектерін дайындауда колданылу мүмкіндігін жан-жақты зерттеуге бағытталған.

Диссертациялық жұмыста трансмиссияның тиімді конфигурациясы таңдалып, SLM технологиясына бейімделген тісті доңғалактың CAD/CAE-моделі жасалды. Зерттеу барысында автор тістің идеалды геометриясын анықтап, массасын азайту үшін ішкі құрылымға торлы толтыру енгізді. Сонымен қатар, соңғы элементтер әдісімен кернесу және деформация анализі жүргізіліп, конструкция параметрлері онтайландырылды.

Жұмыс барысында докторант келесі маңызды мәселелерге кол жеткізді:

- Электромобилдерге арналған бір сатылы тісті беріліс ен тиімді нұска ретінде ғандалды;
- SLM әдісінің технологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тісті доңғалактың идеалды геометриясы мен алдын ала компенсация әдісі әзірленді;
- Ішкі қаңқалы құрылымды колдану арқылы тісті доңғалақ массасы азайтылып, қаттылығы сақталды;
- Соңғы элементтер әдісімен әртүрлі торлы конфигурациялардың беріктік сипаттамалары зерттелді;
- Теориялық жолмен сенімділік пен геометриялық дәлдік бағаланды;
- Тәжірибеге енгізуге лайық жобалау әдістемесі мен инженерлік ұсыныстар жасалды.

Докторант Калмаганбетов Санжар Арманулы 8D07113 – «Аддитивті өндіріс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайыкты деп есептеймін және осы ғылыми жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсындым.

**Керимжанова М.Ф. – «Машина жасау» кафедрасының т.ғ.к., профессоры:**

«Электромобиль трансмиссиясы бөлшектерінің геометриялық дәлдігі мен сенімділігін онтайландыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс ғылыми және практикалық түрғыдан өзекті болып табылады. Қазіргі уақытта электромобилдерге қойылатын таланттардың артуына байланысты, олардың трансмиссия жүйесіндегі тісті доңғалактардың жоғары жылдамдықта және жүктемеде жұмыс істеуі дәлдік пен сенімділікке ерекше назар аударуды талап етеді. Автор электромобилдерге арналған беріліс доңғалактарын аддитивті өндіріс әдісімен (SLM) жасау жолдарын ұсынЫп, тіс ішінің онтайландыру, ішкі торлы құрылым енгізу және кернеу-деформациялық күйді модельдеу жұмыстарын жүргізген.

Зерттеу нәтижелері электромобилдерге арналған жоғары дәлдікті беріліс элементтерін жобалау, өндіру және синау кезінде пайдалануға болады. Жұмыстағы ғылыми тәсілдер робототехника мен авиация сияқты салаларда да қолданыс таба алады. Диссертацияның құрылымы, мазмұны және рәсімделуі ҚР МЖМБС мен PhD дәрежесін беру талантарына сай келеді және қорғауга ұсынылады.

**Талқылау:**

Керимжанова М.Ф. – т.ғ.к., «Машина жасау» кафедрасының профессоры Калмаганбетов С.А.-ның диссертациялық жұмысын жоғары бағалаң, оның қолемі мен жаңаңыры жеткілікті екенін атап өтеді. Жұмыс тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңаңыры, эксперименттік нәтижелері бар екені айттылып, реңми талантарға сәйкес қорғалуына лайық ден санайды.

**Торага:**

Ұсынылған диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша шешім қабылданды:

Жұмыс озінің өзектілігімен, ғылыми және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді және 8D07113 – «Аддитивті өндіріс» білім беру бағдарламасы аясында PhD дәрежесіне қойылатын талантарға толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс макұлдансын және одан әрі өтүге ұсынылсын. Оны қолда бар ескертулер мен ұсынастарды ескере отырып, жұмыс тәртібімен пысықтау және диссертацияларды корғау жөніндегі кезеңдерден одан әрі оту үшін талқылауға ұсыну кажет.


### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Калмаганбетов Санжар Арманулының 8D07113 – «Аддитивті өндіріс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған «Электромобиљге арналған механикалық беріліс қорабы бөлшектерінің геометриялық дәлдігі мен сенімділігін оңтайландыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Машина жасау, машинамен мен жабдықтардың цифрлық инженерингі» бағыты бойынша Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ диссертациялық кеңесіне ұсыну.

**Даудыс беру нәтижелері:** иә – бір ауыздан; қарсы – **жоқ**; қалыс қалғандар – **жоқ**.

**КОРЫТЫНДЫ:** Ашық даудыс беру арқылы Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Машина жасау, машинадар мен жабдықтардың цифрлық инженериясы» бағыты бойынша Философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алуға Калмаганбетов Санжар Арманулы диссертациялық жұмысын диссертациялық кеңеске ұсыну туралы шешім қабылданды.

Торага

  
Нұрман Е.З.

Хатыны

  
Арсаланова Н.М.